

# Жалпы орта және қосымша білім беру ұйым ұйымдарының білім алушылары арасында «Менің отбасым-менің байлығым» тақырыбында сырттай республикалық байқау өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Менің отбасым-менің байлығым» тақырыбында сырттай өтетін республикалық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдерге арналған отбасылық тәрбиенің тиімді әдісі ретінде отбасылық шығармашылықтың әртүрлі формаларын қолдау үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- маңызды әлеуметтік институт ретінде отбасылық тәрбиені дамытуға ықпал ету;

- отбасылық шығармашылықты қолдау және дамыту, өскелең ұрпақтың эстетикалық, адамгершілік, рухани тәрбиесінде оның рөлін арттыру;

- балалар мен жасөспірімдердің мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау 2015 жылғы 18 наурыз мен 4 мамыр аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 4 мамырға дейін [info.do@list.ru](mailto:info.do@list.ru) электрондық поштаға, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Кенесары 40, 15 этаж, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249-305, 8(702) 356 51 88.

8. 2015 жылғы 4 мамырдан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

10. Байқаудың ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

11. Байқауға қатысу үшін - 1 000 (бір мың) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақы мақсаты:** «Менің отбасым-менің байлығым» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем құжаты) сканерден өткізіп, [info.do@list.ru](mailto:info.do@list.ru) электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

12. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 25 мамырда жүргізіледі.

### 3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

13. Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-10 жас;

орта жастағы санат: 11-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

14. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- сурет;

- отбасылық шеберхана;

- отбасылық әуестік.

15. Байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сай келетін бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

16. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

**сурет** номинациясына келесі жанрларда: сурет, пейзаж, жанрлық композициядағы жұмыстар (А4) bmp, jpg форматында сканерленген түрінде электронды пошта арқылы қабылданады. Орындау техникасы: кескіндеме (акварель, гуашь, акрил), графика (линогравюра, тушь, перо, қылқалам, түрлі-түсті бормен, қарындаштар және т.б.);

- суреттің оң жақ бұрышында көлемі 7x4 визиткада жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, жасы, жетекшінің толық ТАӘ, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл жазылуы қажет.

**отбасылық шеберхана** номинациясына отбасының көркем, графикалық жұмыстары, қолдан және машинамен дайындалған бұйымдар

(тоқу, тігу, өру, кестелеу, ағашты ою, күйдіру, және т.б.) яғни отбасылық колөнер тарихын суреттейтін жұмыстың түсініктеме материалдары фотосуреттері немесе бар слайдтары. \*.png, \*.jpg форматтағы фотоматериалдар және \*.doc \*.docx форматындағы мәтіндік ақпараттар (немесе ppt мультимедиялық презентациясында біріктірілген форматта). Жұмыстар электрондық поштамен қабылданады және көлемі 7x4 визиткада жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, жасы, жетекшінің толық ТАӘ, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл жазылуы қажет.

**отбасылық әуестік** номинациясына біріккен отбасылық әуестікті көрсеткен (5 данадан артық емес түрлі түсті немесе қара-ала) фотосуреттер (өлшемі - А4, А5) электронды түрде қабылданады, бір суреттің көлемі 2 Мб-тан аспауы тиіс;

Фототүсірілімдерге қоса көлемі 7x4 визиткада жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, жасы, жетекшінің толық ТАӘ, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл жазылуы қажет.

17. «**Менің отбасым-менің байлығым**» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушылардың үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.

18. Жалпы талаптар:

балаларға арналған ғылыми-танымдық сайттағы «Акварель» клубының қауымдастығына («**В Контакте**» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет; басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

19. *Бағалау критерийлері:*

- байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне жұмыстың сәйкес келуі тиіс;
- көркемдік жағынан тақырыпты ашып көрсету;
- фотосуреттердің көркемдігі немесе техникалық сапасы;
- авторлық позициясының нақтылығы;
- мазмұндау және жұмысты ресімдеу сапасы.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау**

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқаудың жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.